



a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 03 (517) 15 ақпан 2022 жыл



ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА

Өкілетті Кеңес Төрағасы Студенттермен Жүздесті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек студенттермен кездесті. Басқосуға университет ректоры Жанар Темірбекова, Ректор Өкілі, профессор Женгиз Томар қатысты. Университет ректоры Жанар Амангелдіқызы жүздесуді кіріспе сөзбен ашып, Өкілетті Кеңес Төрағасы Мухиттин Шимшек мырзаға арнайы сапары үшін ыстық ықылас білдірді. Өкілетті Кеңес Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек Халықаралық оқу орнымызда жүзеге асып жатқан сансалалы жұмыстарды баяндады. Оқу жылының басында шәкірттермен диалог барысында айтылған мәселелердің ретімен іске асып жатқанын жеткізіп, бірқатар жағымды жаңалықтарды бөлісті. Төраға биылғы жылы жаңа оқу ғимараты мен 1500 орындық жатақхананың құрылысы басталатынын сүйіншіледі. Оқу орнымыздың үздік 300 студенті Түркия және Солтүстік Кипр Түрік Республикаларына 1 айлық мерзімге саяхатқа барып, қонақ болатынын мәлімдеді. Өкілетті Кеңес Төрағасы қолға алынған ауқымды жобалар аясында университетімізде білім алушы жастарға жан-жақты мүмкіндік жасалатынын жеткізді.

Шәкіртіміз тұғырдың төрінен көрінді

Халықаралық университетіміздің студенті Дүйсенбек Әзірет таеквондодан (wt) Біріккен Араб Әмірлігінде өткен рейтингтік Fujairah Open турнирінде II орынды иеленді.

Фуджейра қаласында ұйымдастырылған халықаралық додада шәкіртіміз 54 келі салмақ дәрежесінде бақ сынап, Қазақстан құрамасының қоржынына күміс жүлдені салды.

Студентімізді жеңісімен құттықтаймыз!

УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШТЕР КӨРСЕТТІ

Университетіміздің білім беру бағдарламалары ҚР «Атамекен» ҰҚП рейтингінде жоғары көрсеткіштер көрсетті. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің тапсырмасымен ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы еліміздегі жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингін 2018 жылдан бастап жүргізіп келеді.

2021 жылғы білім беру бағдарламалары рейтингінің қорытындысы бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің білім беру бағдарламалары топ жарды!

Атап айтар болсақ:

«Аударма ісі» – 33 ЖОО ішінде 2-орын,

«Жалпы медицина» – 9 ЖОО ішінде 4-орын,

«Бастапқы әскери дайындық» – 14 ЖОО ішінде 4-орын,

«Журналистика» – 20 ЖОО ішінде 6-орын,

«Құқықтану» – 61 ЖОО ішінде 7-орын межесіне жетті!

Бытырғы оқу жылымен салыстырғанда жоғары көрсеткішке ие болған білім беру бағдарламалары:

«Көркем еңбек және графикалық жобалау», «Биология», «Туризм», «География», «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «Қаржы», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» және «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы», «Математика», «Менеджмент», «Педагогика және психология», «Денешынықтыру және спорт».

Білім беру бағдарламаларының үздік көрсеткіші – Халықаралық оқу орда ұжымының ортақ жеңісі! Биік белестерді бірге бағындыру жолында әріптестерімізге табыс тілейміз!



ТҮРІК ӨУЕ ЖОЛДАРЫ АВИАЦИЯ АКАДЕМИЯСЫМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАДЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен «Түрік Өуе Жолдары» Авиация Академиясы арасында студенттерімізге азаматтық авиация және басқа да авиациялық қызметтер саласында тағылымдамадан өту, жұмысқа орналасу және курс мүмкіндіктерін беру мақсатында екіжақты ынтымақтастық келісіміне қол қойылды. Келісімге сәйкес, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «Түрік өуе жолдарының» авиация академиясы және «YDA Түркістан Хазірет Сұлтан Халықаралық өуежайымен» бірлесіп, жазда Түркістан қаласында «Жердегі қызмет көрсету сертификаты бағдарламасы» өтеді. Студенттеріміз «ТӨЖ-да» тәжірибеден өте алады және түлектерімізге жұмысқа орналасу мүмкіндігі беріледі.

Жоспарланған оқу бағдарламаларының техникалық және академиялық егжей-тегжейлерін талқылау үшін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректор Өкілі, профессор Женгиз Томар, «Түрік өуе жолдары» авиация академиясынан Мұстафа Демирак және онымен бірге келген делегация бас қосты.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ҒЫЛЫМҒА СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Еуразия ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Алмас Әбдіғаниұлы Жүнісбаев ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін медалімен марапатталды.

2014 жылы жас ғалымдарға арналған М.Өуезов атындағы сыйлықтың лауреаты атанған Алмас Әбдіғаниұлы бұған дейін 3 ғылыми монография (2-і бірлескен авторлықта) 2 оқу құралы (бірлескен авторлықта), 150-ден астам ғылыми мақала мен баяндама жариялаған болатын. Сонымен қатар, бірнеше ғылыми жинақтың редакторы мен жауапты құрастырушысы, бірнеше тарихи-деректі фильмдердің ғылыми кеңесшісі мен сценаристі болған Алмас Әбдіғаниұлы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы (2015-2018), ҚР Президенті архивінің жанындағы Қоғамдық кеңес мүшесі (2016-2018) және ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жас ғалымдар кеңесінің мүшесі (2019-2020) болды.

Институт атынан әріптесімізді шын жүректен құттықтап, ғылым жолында одан әрі табыс тілейміз.

Университет ұжымы!

БІЗДІҢ ТҮЛЕК

АМЕРИКАДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ГАЗЕТИ!

Таяуда әлеуметтік желіні ақтарып отырып, ойда-жоқта «KAZUNITE» дейтін халықаралық онлайн газетіне тап болдым. «Америкада қазақтың да газеті болса ғой» деген арманымызға алғаш қадам жасадық...» деп басталыпты аңдатпасы.

Сүйіншілейтін жаңалық болған соң, қуана қолыма қалам алып отырмын. АҚШ, Еуропа, Түркия және Қазақстанда тұратын әріптес-шәкірттерім онлайн арқылы бір шаңырақ астына бірігіп, азуын айға

«Біз кейіпкерлеріміздің сөзін бұрмаламай жариялаймыз. Біз цензураға бағынбаймыз. Цензурамыз – өз Арымыз бен Ұятымыз!» деп үн тастайды газет.

Мультимедиялық басылымның редакциясы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында орналасқан.

Әзірге жазбаларын «Ақпарат», «Инновация», «Сұхбат», «Көзқарас», «Мотивация», «Өмір салты» айдарларына топтаған электронды газет тек қазақ тілінде, қазаққа қажет деген мақалалар мен ақпараттармен бөлісіп отыр. Алда Қазақстанды шетелдіктерге танытуға септігі тиетін материалдарды, табысты тұлғалар жайлы қызықты материалдарды ағылшын тілінде де беріп отырмақ. Кей мақалаларды Ахаңның төте жазуымен де оқуға болады.

Бір қызығы – қызықты мақалаларды аудио нұсқасын қосып қойып, жолда кетіп бара жатып та, ас бөлмесінде ас қамымен жүріп те тыңдауға болады.

Қазір газеттің АҚШ, Англия, Польша, Италия, Түркия және Қазақстанда өз тілшілері бар: Назира Байырбек (АҚШ, Нью-Йорк), Роза Мизанбай (Еуропа, Польша), Айжан Көшкенова (Италия, Нидерланд), Гүлмира Аймағанбет (Қазақстан, Астана), Лири Қоныс (АҚШ, Калифорния), Гүлжаз Қарыбек (Түркия, Анкара). Техникалық редакторы белгілі журналист Нұрәулет Көкіштегі.

Осылардың ішінде төртеуінің – біздің Ахмет Ясауи Университетінің түлектері екендігі қуанып отыр!

«Алғашында электронды газетімізді kazmeta сияқты қазіргі «модный» сөзбен атағымыз келген, – дейді «Kazunite» жобасының авторы һәм құрылтайшысы Назира Байырбек. – Ішкі комплексімізді көрсетіп «kaz», «qaz», яғни «қазақ» тіркесінен де қашақтағымыз келген. Бірақ қазақтың әлі де толық біріге алмай, шет елдердегі қазақ диаспоралары мен Қазақстан арасында тығыз байланысы орнай алмай жатқан тұста, kaz тіркесі орнықты ұғым ғой деп ойладық. Былайша айтқанда, сайтымыздың аты «қазақтың бірігуі» деген мағынаны беріп тұр».

Осынау газеттің тіліне, руына, бастан кешкен тарихына, тұрған жеріне қарамай әлемнің әр түкпіріндегі қазақты біріктіретін ақпарат құралы болатына сенімдіміз!

P.S.: Мына сілтеме арқылы газеттің Анкарадағы тілшісі Гүлжаз Қарыбектің Түркиядағы 100 кітап оқу идеясына қатысты қызықты мақаласын оқи аласыздар:

<https://kazunite.com/.../turkiadagy-100-kitap-ideiasy...>

Бекжігіт СЕРДӘЛІ



білеген алпауыт ел – Америка төрінде тұңғыш қазақ газетін дүниеге алып келіпті!

Жер бетінде тарыдай шашылған қалың қазақты бір ақпарат құралы төңірегінде біріктіруді мақсат тұтқан басылым шет елдердегі қандастарымыздың тыныс-тіршілігін насихаттап, абыройымызды шет жұртта танытып жүрген ғылым, өнер, инновация, бизнес салаласындағы озық ойлы азаматтарымыздың жеткен жетістіктерін оқырманға кеңінен таныстырып отырмақ.

ЕРЛІК ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН!

«Мен қазақпын, мың өліп мың тірілген! Жергегімде таныстым мұң-тіліммен» деп Жұбан Молдағалиев жырлағандай өзінің даму тарихында халқымыз қаншама қиындықтар мен жаугершілік кезеңдерді бастан кешірді. Еліміздің ауған соғысы ардагерлерінің мерекелерін атап өту қарсаңында ауған ақиқатына және де Кешегі ауған соғысының бүгінгі саяси салдар тарихына көз жүгіртпеу мүмкін емес. Ата-бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін насихаттау Отанды, елін сүю, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу - басты міндетіміз. Ұлттық сана, ұлттық болмысымызды қалыптастыру, әсіресе ұлттық намыс, ұлттық рух қасиеттерін қалыптастыруымыз керек. Осыдан 33 жыл бұрын 1989 жылдың 15 ақпанында Кеңес әскерлері ауған жерінен біржолата шықты. Он жылға созылған бұл соғыстан елге қайтқан жауынгерлердің көбі мүгедек болып оралды. Талайы жат жер топырағын құшты. Бұл соғыста ТМД елдерінің 15000 – жуық адамы құрбан болды. Ерлік қашан да елге мұра, ұрпаққа - ұран болатыны белгілі. Кеңес одағы басшылығының қаулысымен олар Ауған халқы алдында интернационалдық борыштарын өтеді. 14 мыңға жуық кеңес жауынгерлері бұл соғыста үйлеріне оралмады. Олардың ішінде қазақстандықтар да бар еді. Қайғы мен қасірет әкелген бұл соғыс Қазақстан жерін де айналып өтпеді. Ұрыста қаза тапқан жауынгерлердің ерліктерін есімізде мәңгіге сақтау қасиетті борышымыз. Оларды ұмытпас үшін естеліктер айтылып, мәңгілік алаулар жағылады. Соғыстың адам баласына әкелер зардабы мен қасіреті шексіз екені баршаға аян. Тарих жылнамасының өзінің қаралы, нәубет жылдарымен орын алған зұламаттардың бірі-Ауған соғысы. Бұл соғыста Қазақстандықтар саны – 22 мың 269 жауынгер Соғыс даласында Қазақстан 924 боздағынан айрылды Жар құшып, бала сүйіп үлгермеген 1015 жас елге мүгедек болып оралды Хабарсыз кеткендер – 21 Кеңес Одағының батыры атағын алғандар – 86 Бейбіт күн кешіп жүргендер – 600. Әлем бесігі қай уақытта да болмасын, дүрбелеңде, жер адамзаттың алтын бесігі, сонда да адам баласы дүниенің қай түкпірінде жүрмесін, қандай ұлт ұлыс болмасын, тыныштықты, бейбітшілікті аңсайды. Ауған жерінде саясат шытырманшын шайқалтқан соғыс өртің басуға қатысқан, қиямет атыс пен шабысты көзімен көріп, ерлік туын жықпай елге аман-есен оралып, жастарға патриоттық тәрбие беруде және батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман ағаларымыз аман болсын. 1979 жылдың 12 желтоқсанында Ауғанстанға Кеңес – Ауған шекарасына орналасқан Термезге келді және Түркістан әскери округі жұмысқа кірісті. 1979 жылы

24 желтоқсанда Ауғанстанға Кеңестік әскерді енгізу шешімі құжат арқылы қабылданды. Құжатта қабылданып жатқан шешімнің қысқаша түсініктемесі берілді. Онда : Орталық шығыстағы әскери саяси жағдайға байланысты Ауғанстан үкіметінің соңғы өтініші дұрыс деп танылды. Ауғанстан халқына интернационалдық көмек көрсету мақсатында, сонымен қатар мемлекеттер тарапынан антиауғандық акцияларды жою отырып, оларға қайырымды жағдай жасау үшін шешім қабылданды. 1979 жылы 25 желтоқсан күні 15:00 – де КСРО қорғаныс министрлігінің берген бұйрығымен Ауғанстанға Кеңес Әскерлерін кіргізу басталды 1979 жылы 26 желтоқсанда Ауғанстан территориясына түсірілген дивизияның міндеттері анықталып, соғыс операцияларына дайындалу жұмыстары басталды. Кеңес әскерінің Ауғанстандағы қызметі 1 – кезең: 1979 жылғы желтоқсан – 1980 жылғы ақпан аралығы. Бұл кезеңде Ауғанстанға енгізу, олады горнизондарға орналастыру, жер – жерге орналастырылған бекеттер мен әр түрлі объектілерді қорғауды ұйымдастыру шаралары жүзеге асырылады. 2 - кезең: 1980 жылы наурыз – 1985 жылы сәуір аралығы. Бұл кезеңде белсенді соғыс құрамаларымен бірлесе отырып АДР – дың Қарулы Күштерін нығайту және қайта ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді 3 – кезең: 1985 жылғы мамыр – 1986 жылғы желтоқсан аралығы. Бұл кезеңде соғыс қимылдарынан ауған әскерлері әрекетіне кеңестік авиациямен, артиллериямен және саперлік бөлімшелермен көмек көрсету ауысуы 4 – кезең: 1987 жылғы қаңтар – 1989 жылғы ақпан аралығы. Кеңес әскерлерінің Отанға оралуына дайындық және толық шығып кетуі іске асты. Ауғандық ардагер жауынгерлерді қадірлеп – құрметтеу – біздің борышымыз. Сонау Ауған жерінде қару асынып мұң арқалаған сын сағаттарда бірін – бірі бауыр дескен азаматтар бүгінгі таңда еліміздің түкпір – түкпірінде еңбек етуде. Қазіргі таңда Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың салиқалы саясаты мен ерен еңбегінің арқасында еліміз тыныш, бейбіт күн кешіруде. Барша елімізді қорғаған ер азаматтарымыз, күндіз – түні шекарада кірпік қақпай тұрған сарбаздарымызға мың алғыс айтамыз.

Жанболат Абдрахманов,
Түркістан қалалық провация бөлімінің аға инспекторы,
еділет капитаны, университет түлегі

АҚЫН ТУҒАН КҮНІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТУҒАН ҚЫСҚАША ОЙ

9 ақпанда келетін М.Мақатаевтың туған күнін ұмытпау керек! Жатқан жері пейіштің төрі болсын!

Баяғыда жастау кезімізде Түркістандағы А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қазақ филологиясы кафедрасы осы жылына бір келетін Мұқағали ақынның туған күніне жұмыстан кейін арнайы жиналып, әрқайсымыз бір өлеңін жатқа оқушы едік. Содан өзіміз рухани ләззат алатынбыз.

Бүгінде біздің қоғамда ақын-жазушыларды бағалау өз деңгейінде емес. Алладан берілген ерекше дарын иелеріне ешқандай қолдау көрсетілмейді, жағдай жасалмайды! Қазақстанның әр облыс орталығынан "Ақындар үйі", "Жазушылар үйі", "Журналистер үйі", "Актерлар үйі", "Сазгерлер үйі", "Спортшылар үйі" "Жұмысшылар үйі" т.б деген сияқты комплексті үйлер соғылып, соларға беріліп жатса, марапаттың үлкені сол емес пе? Мысалы Түркістанда "Актерлар үйі" деген бар. Бірақ неше жылдар бойы жөндеу, жылу көрмей, тоз-тозы шығуға айналған сол үйді жаңа әкім Н.Тұрашбеков келді де, жаңа үй етіп, өнер адамдарына керемет қуаныш сыйлады. Жақсылықты солай жасау керек халыққа! Салынған үй атауымен болса ешкім ренжімейді. Мәселен, сол актерлар үйіне мені жіберсе де бармайтыным сияқты, кешенді құрылыспен айналысу керек. Бұл жөнінде, кәсіпкерлердің де құлағына "Алтын сырға".

Түкке тұрмайтын темірден, ешқандай пайдасы жоқ (тіпті қалайшылық жолда тегін жүргізуге жарамайтын, дәрігерге кезексіз кіруге көмектеспейтін) қаншама шығынға батып, атауы айқайлаған төсбелгі жасатып, қадірін кетіріп, тарату неге керек? Әсіресе, өткен жыл "темір тарату жылы" болғандай!

Біз Аллаға шүкір, жер бетіндегі өте бай елдердің қатарындамыз. Жер асты байлығымызға әлем елдері қызғана көз тігетіні өтірік емес! Ата-бабамыз осындай байлықты бізге аманат етіп қалдырған! Амал қанша, соңғы 30 жылдан бері бар байлығымыз ұстағанның қолында, тістегеннің аузында жүргенін кешегі ел басына түскен ауыр сынақ



салдарынан кейін біліп жатырмыз!

Қарапайым халқымыз осы байлықтың құрдымға кетіп, хал-ахуалы, күн-көрісі төмендеуі салдарынан қарусыз, бейбіт шеруге шығып, билікке өз наразылығын жеткізбекші болды емес пе? Соры қайнаған аңқау, ақкөңіл, қазағым-ау, қырылам деп ойламаған, қарусыз шығып, тағдыры тәлкекке айналған!

Нәтижесінде кімнің-кім екені белгілі болды, қанша жазықсыз жандар жер құшты. "Әрбір қазақ менің жалғызым" деп жүргенімізде, қаншама бейкүнә бауырларымыздан айрылды!

Артындағы бауырларына Алла сабыр берсін! Олар қарусыз шыққан, бейбіт күннің батырлары ретінде халық жүрегінде мәңгілік сақ талады!

Президентіміз сол қолды болған, шетел асқан қазынамызды қайтаруды көздеп отыр. Мақсатына жетсін! Сол қайтқан қаржыларды "келген олжа" ретінде осындай, ел игілігі үшін мәселелерге арнаса керемет болар еді.

Ел өркениеттілікке қол жеткізу үшін ең алдымен осындай таланттар мен зиялы қауым өкілдерін бағалау керек! Біздің елден басқа жердің бәрінде жағдай солай болғандықтан олар өркениетті! Осыны ұмытпайық, ағайын!

Өмірі мұң мен жырға толған, кең тынысты осынау керемет, адуынды ақынды тірісінде түсінер бір жан болмағаны өкінішті! Әрбір жырының салмағы ауыр, бар-жоғы 45-ақ жыл өмір сүрсе де, кез-келген тақырыпты сан қырынан сөйлете білген осынау ақиық ақынды өлген соң қадірлегенсіп жатамыз, бірақ бәрібір өз деңгейінде емес! Кейінгі ұрпақ оның кем дегенде 1-2 өлеңін жатқа

білетіндей ету керек!

Сондай ақын-жазушылардың артында қалған ұрпағынан хабар алып, ретті жерінде көмектесіп, жай-күйлерінен оқырманды хабардар етіп отыру - адам факторына мән беріп, бағалаудың қоғамдағы әдемі көрінісі болмақ!

Президентіміздің жаңа мақсаты саналған "ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННАН" осындай, халықтың жақсы өмір сүруіне бағытталған, игілікті жаңа істер күтеміз!

Балтагүл ОСПАНОВА
ҚР Журналистер Одағының мүшесі

«Өлтіре алмас алайда, өлеңді ешкім...»

Мұқағали Мақатаев. Осы бір аяулы есімді білмейтін қазақ жоқ шығар сіре?! Мектеп қабырғасында жүргенде ақынның өлеңдерін жаттап өстік. Әсіресе, «Дариға домбырамды берші маған», «Фарица қыз», «Ару-ана», «Мавр», «Аққулар ұйықтағанда», «Қырандастар, қош болыңдар», «Чили-шуағым менің», «Шекарада», «Большевиктер», «Өмірдастан», «Арман», «Шолпан», «Досыма хат», «Алтай-Атырау», «Отаным, саған айтам», «Райымбек! Райымбек!», «Жан азасы» атты поэма-толғауларын қызыға оқыдық.

«Өзімнің есебimde,

Мен биыл дәл қырықтың бесеуінде.

Кім біледі...

Ендігі қалған өмір,
Неше жылға жетерін,
Неше күнге

Ұмыт болып есебің де, өсегің де,
Ұйықтап кетсем болғаны төсегімде,

Қырықтың бесеуінде...» деп жырлаған ақиық ақын Мұқағали Мақатаев қырық бес-ақ жыл жасарын сезді ма екен?! Жыр өлемінде өзіндік қолтаңбасын қалдырып, халқына өшпес із, өлмес мұра қалдырған Мұқағали Мақатаев өзі өлсе де сөзі өлмесін сезгендей ақ, «Қарасаз қара шалғын өлеңде өстім,

Жыр жазсам, оған халқым елеңдестің,

Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,

Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім» – деп жырлаған екен. Қарасаздың төл перзенті, жыр жүйрігі М.Мақатаевтың биыл 91 жылдығы. Ақын шығармаларын насихаттап, ақын жырлары арқылы жас ұрпақты Отанды, туған жерді сүйеге тәрбиелеу мақсатында білім ошақтарында ақынды еске алу кештері кең көлемде тойланып жатыр. Ақынның туған күніне орай мерекелік шара біздің университетімізде де жалғасын тапты. Оқу ордамыздың кітапханасында білімгерлердің «Жырлайды жүрек» атты әдеби-сазды жыр кеші өтті. Ақынның өмірбаяны мен жырлары кең көлемде айтылды. Журналистика кафедрасының студенттері ақынның өлеңдері мен монолоктарын ерекше тебіреніспен оқыды. Ағарып тұрған ақпанда, қазақ елі аяулы ақынын тағы да бір рет есіне алды. Ақын да бұны күні бұрын айтып, халқының жүрегінен орын аларын сезіп, жырға арқау етіп кеткен еді.

Ақ ұлпа жерді жапқанда,
Ағаштар сырға таққанда,
Бозарып атқан ақ таңда,
Бозарып тұрып ақпанда,
Есіңе мені алғайсың!

Жанар БЕЙСЕНБАЕВА



ҒЫЛЫМ

XXI-ҒАСЫР - ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ

Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарынан бастап білім беру ісіне аса мән берілуде. Бүгінгі ғаламдастыру дәуірінің талабына сай білім беру барысында оқушының жеке тұлғасын жан-жақты жетілдіруге, олардың танымдық әрекетін дамытумен қатар ғаламдық ой-санасын қалыптастыруға ерекше назар аударылуда.

Әрбір мемлекеттің алдына қойған мақсаты мен мұраты тарих сахнасынан өзіндік орнын ала отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылу болса, сол экономикасы жақсы дамыған елдердің басты жетістіктері олардың қазба байлықтарының көптігі немесе жер көлемінің үлкендігінде емес, сондағы байлықты өз орнымен игере білуінде. Бұл қажеттілікті қанағаттандыру үшін ел ертеңі бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бүкілхалықтық дәрежеде мән беру-қазіргі таңдағы үлкен мәселе.

Ұлы Абайдың «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі кінәлі» деген әйгілі сөзін еске алсақ, қазір құдайға шүкір, еліміз еңсе көтеріп, әлемдік өркениет пен ұлттық рухани құндылықтарымызға бет бұра бастады.

Қазіргі заманғы мектепте нақты педагогикалық қызметте іске асыруға болатын орасан зор педагогикалық тәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген мұғалімдер мен басшыларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілігі қалыптаспаған, сол сияқты ол тәжірибелерді талдау мен талдаудың дағдысы мен іскерлігі жетісе бермейді. Мұғалімдер нақты іс-әрекетінде өзінің, сол сияқты әріптесінің де педагогикалық тәжірибесіне талдау жасаудың қажеттілігіне мән бермейді. Осы бағытта мұғалімдердің инновациялық білім прогресіне бет бұруы көзделуде.

Жалпы инновациялық білім прогресінің негізіне педагогиканың екі маңызды проблемасы жатыр:

педагогикалық тәжірибені оқыту проблемасы;

психологиялық – педагогикалық ғылым жетістіктерінің практикасына дейін жеткізудің проблемасы.

Білімдегі инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайда болатын – теориялықта, практикалықта жаңалықтарды пайдалану болып табылады.

Мұнда білім жүйесіндегі инновация білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолданылып отырған педагогикалық жүйені тарату мен енгізу; мектепті басқарудың жаңа технологияларын әзірлеу, оның дамуы; мектеп тәжірибелік орын ретінде мектептің принципті жаңа білімдік бағдары болған жағдайда, білім беру жүйесінің мақсатын, мазмұнын, әдісін, түрлері мен басқа компоненттерін көздейтін жүйелі сипаттағы білім тәрбие беруді жүзеге асырады. Олардың дамуының негізінде факторлардың екі тобы жатыр:

объективті факторлар – инновациялық қызметтің дамуына дем беретін және оның нәтижесінің ұғымын қамтамасыз ететін жағдай жасау;

субъективті факторлар инновациялық процестің субъектісімен байланысты, ал инновациялық процестердің субъектілері педагог – ғалымдар, мұғалімдер және инновациялық бағыттағы білім саласының қызметкерлері болып табылады.

Ал инновациялардың тууының екі жолы бар. Біріншісі – тәжірибенің терең қойнауынан, педагогикалық ғылымның ұғымдары мен терминдерінен пайда болған жаңаны ой елегінен өткізу, екіншісі – жаңаның ғылымның өзінен тууы. Кейде бұл жолдар тоғысады. Мысалы, кейде педагог-практик жаңа қорытындылар мен іс-әрекеттерге, олардың ғылымда бұған дейін әзірленіп, ұсынылғанын білмей, өз бетінше келеді. Әрине, оның проблемаларын ғылым шешіп бергенше күтіп тұра алмайды, бірақ та мұғалімнің нағыз кәсіпқойлығы сонда, ол соңғы зерттеулердің нәтижелері туралы үнемі хабардар болуға тиісті.

Өкінішке орай, қазіргі кезде мектепте нақты педагогикалық қызметте іске асырылуға тиіс мол тәжірибе жинақталған, бірақ өте сирек қолданылады, өйткені көп мұғалімдер мен басшыларда оларды зерттеуге, қолдануға қажеттілік қалыптаспаған, оларды таңдап, талдауға біліктілігі мен іскерлігі жетіспейді. Шынайы практикада мұғалім көбіне өз педагогикалық тәжірибесін және әріптестерінің тәжірибесін талдауы керек екенін және диагностикалық зерттеулер жүргізілуін ойланбайды.

Ал, инновациялық процестерді зерттеудің диагностикалық әдісі мыналарды көздейді:

мұғалімдердің педагогика қызметіндегі нақты қиыншылықтарды жеңу негізінде қалыптасқан кәсіби педагогикалық мүдделерін, қажеттерін, құнды бағдарын жүйелі зерттеу;

Мұғалімдердің мүдделері мен қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған жолдарды, тұжырымдамаларды, озық педагогикалық тәжірибе технологияларын зерттеу;

Педагогикалық инновацияларды енгізу және игеру түрлерін мұғалімнің тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес таңдау (көрініс, сипаттау, ашық сабақтар, әдебиетті зерттеу, баяндама дайындау, эксперименттік жұмысқа қатысу).

Сонда диагностикалық әдіс мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмысын жаңаша құруға мүмкіндік беретін жұмыс нәтижесінің баянды болуына ықпал етеді.

Бұл оқытудың түрткі берушілік функциясы жетістікке деген сенімін, жұмысқа қызығушылығын арттырады, кәсіби өсуіне және кәсіби құзіреттілігінің кіріктірілуіне мүмкіндік береді. Мұнда оқыту кәсіби шеберліктің жаңа қырларын

меңгеруге, мамандығының күрделі қыр-сырына қол жеткізуде пікірлестер табуға жол ашады.

Ендеше, мектепшілік инновациялық іс-әрекет біріншіден жаңалықты таңдау, оны іске асыру болса, екіншіден сол жаңалықты жүзеге асыратын мұғалімдердің инновациялық даярлығын қажет етеді.

Мұғалімдердің инновациялық даярлығын қалыптастыру үшін төмендегі жағдайлардың болуы шарт:

-білім беру мекемелері басшыларының инновацияны енгізудің құндылығын түсінуі;

-мектептің материалдық-техникалық базасын күшейту: мектептегі компьютерлер санын көбейту, оны түгелдей интернет жүйесіне қосу;

-мектептегі әдістемелік жұмыстарға жаңаша бағыт беру, әр мұғалімнің шығармашылығын арттыратындай ізденіс жұмыстарын жүргізу;

-әрбір мұғалімнің шығармашылық мүмкіндігін ашу;

-жаңа идеясы бар шығармашылық қабілеті жоғары маманның болуы;

-мектептің озық іс-тәжірибелерін жеке веб-сайттар арқылы тарату, пайдалану.

Жаңа енгізілген жаңалық немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанасына айналады. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол — ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді.

Қазіргі уақытта қоғам, мәдениет және білімнің дамуында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлардан көрініп отыр.

Біріншіден, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беру жүйесін, әдістемесі мен түрлі типтегі оқу орындарының оқу тәрбие үрдістерін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген мұғалім мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралына айналуға.

Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсіп отыр.

Үшіншіден, мұғалімнің педагогикалық жаңалықты игеру және қолданылуға деген қатынасы сипатының өзгеруі. Егер бұрынғы уақытта инновациялық қызмет негізінен жоғарыда ұсынылған жаңалықтарды практикада қолданумен шектелсе, қазіргі уақытта ол барынша баламалы, зерттеушілік сипат ала бастады. Сондықтан да мектеп, білім беру органы басшыларының қызметіндегі

маңызды бағыттардың бірі мұғалімдердің енгізген инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасау болуы тиіс.

Төртіншіден, жалпы білім беретін оқу орындарының нарықтық қатынастарға енуі, мемлекеттік емес оқу орындарының құрылуы нақты бәсекелестік ахуал туғызуда.

Қазіргі мектеп жағдайларындағы білім берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы «баршаға білім беру» ескі сүрлеуінен тез арада арылып, жаңаша білім беру мазмұнына «әркімге таңдау бойынша білім беруге» көшуге қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылықпен ізденушілікпен жұмыс істейтін зерттеуші мұғалімдерді даярлауды қажет етеді.

Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудағы әдістемелік жұмыстардың алатын орны зор. Әдістемелік бірлестіктер мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру бағытында ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруды, мұғалімнің шығармашылығының қалыптасуына атсалысады.

Әдістемелік бірлестіктер оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық оқыту технологиялары қалай жүзеге асырылып жатқанын бақылап, инновациялық әдістемелік қызмет атқарады: білім сапасының нәтижесін тексеріп, білім сапасының мониторингін жасайды, нәтижесін талдап, қорытынды шығарады.

Ендеше педагогикалық тәжірибені зерделеу мен қорытудың дәстүрлі нысандарын қарастырып көрелік:

Оқу – тәрбие жұмысының әр түрлі тақырыптары мен мәселелері бойынша ашық сабақтар. Тәжірибені зерделеу мен қорытудың бұл нысаны барлық мектептерде кеңінен қолданылады. Тәжірибелі педагогтардың ашық сабақтарына қатыса отырып, олардың әріптестері мен мектеп басшылары тәжірибенің шын мәніндегі озық жақтарын бүкіл ұжым болып талқылайды, атап көрсетеді, нақты педагогтың озат тәжірибесінің басқалардың игілігіне айналатын жағдайларын анықтайды.

Ғылыми-әдістемелік және ғылыми-практикалық конференциялар – озат тәжірибені зерделеу мен қорытудың ыңғайлы тәсілі. Конференцияның тақырыбына сәйкес мұғалімдер әдебиетпен танысып, өз тәжірибелерін, сондай-ақ әріптестерінің тәжірибелерін ой елегінен өткізеді.

Педагогикалық оқулар мұғалімнің өз тәжірибесін талдауын, ой елегіне өткізуін және қорытуын мақсат етеді. Ол алдымен әдістемелік секцияда,



ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҒАСЫРЫ

бірлестікте немесе педагогикалық кеңесте, өндірістік кеңесте баяндама жасайды. Содан кейін педагогикалық оқулар өткізіліп, үздік баяндамалар аймақтық оқуларға, журналдарда, мақалалар жинақтарында жариялауға ұсынылады, т.с.с.

Педагогикалық консультациялар ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Жаңашыл педагогтың жұмысында мәселелер, қиындықтар, кейде күмән туындайды. Педагогикалық консультацияны жұмысты жаңа бастаған, тәжірибесі аз оқытушылар үшін тәжірибелі мұғалімдер жүргізеді.

Өздігінен білім алу – егер тәжірибе баяндамалар, мақалалар, брошюралар, монографиялар, әдістемелік әзірлемелер, жаднамалар, нұсқаулықтар түрінде жазылып, қорытылған болса, бұл кез келген педагог үшін басқа педагогтардың тәжірибесін зерделеудің қолжетімді, тиімді әрі қажетті нысана.

Мұндай біліктілік арттырудың инновациялық формалары мұғалімдердің шығармашылығын дамытуға, зерттеу жұмысы мен айналысуға, қабілеттілігі мен қызығуын тудыруға жеке тұлға туралы теориялық білімдерін тереңдетуге және болашақта оқу-тәрбие үрдісінде оны дамытуға қолайлы жағдай жасауға өз үлесін қосары даусыз.



Біліктілік арттырудың инновациялық формаларының негізгі міндеттері:
 -Қазіргі инновациялық педагогикалық технологияларды оқып үйрену;
 -Республика, ТМД, әлемдегі педагогикалық озық іс- тәжірибелерді оқып үйрену, зерттеу, талдау, насихаттау, тарату, пайдалану;
 -Жаңашыл мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерін зерттеу;
 -Болашақ мұғалімдердің жоғары интеллектуальды, шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, оны дамыту;
 -Оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру мақсатында эксперименттік тәжірибелер жүргізу.

Ендеше, ғылыми педагогикалық ақпараттарды талдай отырып инновациялық нысандардың бірнеше түріне тоқталып өтелік.

Уақытша шығармашылық топтар — бұл топтар жаңа жобаларды құруға және олардың жүйелі іске асыуына, эксперимент жұмыстарының дұрыс жүргізілуі үшін құрылады.

Кәсіби даму мектептері — бұл педагог кадрлардың біліктілік деңгейіне қарай бірнеше топтарға іріктелген топтар.

Оларға: 1. «Жоғарғы деңгейдегі кәсіби даму мектебі»;
 «Мұғалімнің кәсіби дамуына негізделген мектептер» ;
 «Кәсіби дамуға негізделген жас мектептер».

Педагогикалық шеберханалар бұл ізденімпаз ұстаздардың жұмысын толыққанды орындауға белгіленген орын немесе өзінің озат-тәжірибесімен бөлісетін жұмыстың формасы болып табылады.

Ендеше, осыны іске асыру бағытында мектептің даму бағдарламалары жүйелі негізде жасалынып, жоғарыда айтылған дәстүрлі нысандағы кемшіліктерді ескеріп диагностикалық сараптама жүргізіліп мұғалімнің кәсіби өсуімен кәсіби құзіреттілігін арттыруды мақсат етеді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Қазіргі мектептердің, біріншіден, практикалық қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы, екіншіден, қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық – қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет», — деп атап көрсетілуі мұғалім іс-әрекетіне жаңа бағыт сілтейді. Бұл заңда қазіргі кезеңде мұғалімдердің біліктілігін жетілдірумен қатар, кәсіби қызметтің ғылыми негіздерін практикаға қолдануға, практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген.

Қазіргі кезеңде педагогика ғылымының бір ерекшелігі — баланың тұлғалық дамуына бағытталған оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Ал мұның өзі мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік, үлкен міндет жүктейді. Мұндай міндеттерді шешу мұғалімдерден оқушыларға берілетін ғылым негіздерін олардың болашақ іс-әрекетінің берік негізі әрі тірегі болатындай етіп оқытуды, оқу-тәрбие үрдісін, білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр алуан құралдарын қолдануын тиімділігін арттырудың, оқытудың инновациялық технологиясын меңгеруді, педагогикалық жаңалықтарды тәжірибеге батыл енгізуді талап етеді.

Мұғалімдердің инновациялық даярлығын қалыптастыру — олардың жаңа педагогикалық технологияны меңгеруінің алғы шарты. Ал мұғалімдердің жаңа педагогикалық технологияларды меңгеруі мен оны оқу-тәрбие үрдісіне енгізу — уақыт талабы. Өйткені жаңа педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімдердің іскерлігін, ізденісін туғызып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашса, оқушылардың білім сапасын арттыруға өз үлесін қосады. Инновациялық іс-әрекеттің негізгі функцияларына педагогикалық үдерістің компоненттерінің өзгерістерін енгізеді: мақсаттары, білім беру мазмұны, оқытудың формасы, әдістері, тәсілдері, технологиялары, басқару жүйесі және т.б. Сонымен бірге барлық зерттеушілер инновацияны инновациялық стихиялы ізденіс ретінде қарастырмау керек деген пікірге келеді, себебі инновация - мақсатты бағытталған, саналы өзгеріс.

Бүгінде инновациялық өзгерістер әртүрлі бағыттарда жүруде, білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру; оқытудың жаңа технологияларын өңдеу мен жүзеге асыруда; жаңа бағдарламаны меңгерудің әдістері мен тәсілдерін қолдану; оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік анықталуына жағдай туғызу; мұғалім мен оқушының ойлау стилінде, өзара қарым-қатынастарында өзгеріс, білім беру мекемелерінде шығармашылық инновациялық ұжымды жасау және дамыту. Бұл үдерістердің барлық қарама-қайшылықтарында, шығындарында, кемшіліктерінде олар позитивті сипат береді. Осы инновация әлеуметтік институт ретінде білім беруге тән керітартпалықты

жоюға мүмкіндік береді, әлеуметтік тапсырыс, мемлекеттің, тұлғаның қажеттілігінің өзгерісіне жедел және икемді жауап беру механизмін құру жағдайларын қамтамасыз етеді, бұл бүгінде отандық білім беруді дамытудың өзекті міндеттері ретінде қарастырылады.

Осылайша, жоғарыда қарастырылған педагогикалық инновацияның болмысын ұғу амалдарындағы ортақ нәрсе олардың басты назары педагогикалық шығармашылықтың үдерісі мен нәтижесінде болуында. Барлық зерттеушілер білімнің инновациялық үдерістердің болмысын жаңа теориялық талдап, түсінік беруге, үздіксіз инновациялық қозғалысты қамтамасыз етуге қажеттілігін атап өтеді. Бұл қажеттілік, өз кезегінде мамандардың арнайы даярлау, соның ішінде педагогикалық инновация саласында құзыретті педагогтерді даярлау мәселелесін өзектендіреді. Инновациялық іс-әрекетке, үздіксіз инновациялық режимде жұмыс жасауға педагогтерді даярлау арқылы инновациялық білім беруді дамытудың сәттілігі анықталады. Осы даярлықтың маңызды құрылымдық бөліміне қоғамның, еңбек нарығының, тұлғаның, технологиялардың және үздіксіз ақпараттық ортаның жаңаруына өз кәсіби іс-әрекетінде оперативті әрекет етіп, икемді болу қабілеті жатады. Сонымен, педагогтің құзыреттілігі білім берудегі инновацияның дамуының тұрақтылығының маңызды шарттарының бірі. Сондықтан, педагог мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін мақсатты дамыту- білімнің инновациялық дамуының маңызды факторы. Біліктілікті арттырып тәжірибеге араласқаннан кейінгі мұғалімдердің дәстүрлі оқыту әдістемесіне көшіп кетпеуі үшін мектепшілік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық әдістемелік қолдау мен біріккен әрекетті жүйелі жүзеге асыру маңызды. Бүгінде желілік қоғамдастықтар, әртүрлі формада тәжірибе алмасулар, ортақ ойды ортаға салатын басылымдар, іс –тәжірибені тарату жұмыстарының жүйелі жүзеге асырылууда. Бұл өз кезегінде мұғалімге кәсіби қолдау, даму, кәсіби құзыреттіліктің арттыру қолайлы факторлары болып табылады.

Ықылас МОЛДАЛИЕВ,
 медицина ғылымдарының докторы, профессор, медицина факультетінің деканы,

Райхан ЖҮЗБАЙҚЫЗЫ
 3-курс студенті

СТУДЕНТ ЖАЗБАСЫ



11 АҚПАН - ҒЫЛЫМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР МЕН ҚЫЗДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ

БҰҰ Бас Ассамблеясының 2015 жылғы шешімімен 11 ақпан ғылымдағы әйелдер мен қыз балалардың халықаралық күні деп жариялады. Содан бері қарай бұл мереке тойланып келеді.

«Әйел – кемелділік». Сондықтан, бір дана өз пікірін білдірді. Біз онымен келіспейміз: ол 9 ай бойы баланы жүрекке төзімділікпен жеткізіп жүрген әйел, содан кейін азапта оны қоғамның игілігі үшін өзін қуанышқа бөледі. Әйелдерге арналып көптеген мерекелер көп екенін бәріміз білеміз. Ең маңызды – Халықаралық әйелдер күні (8 наурыз). Бірақ болашақ аналар мен әжелерге арналған күн туралы ақпараттың аздығы бар: 11 қазанда бүкіл әлем Қыздар күнін атап өтеді.

Мерекенің тарихы

Ғаламшардың жас ханшылары жеңіске жеткенінәлілер БҰҰ Бас Ассамблеясының арқасында пайда болды. Бұл мереке әлі де жас, тіпті бірнеше жыл бойы өмір сүре алмайды, себебі алғаш рет 2012 жылы ерекше жаңа іс-шара өткізілді, өйткені, іс жүзінде, жаңа «әйелдердің» күні жарияланды. Осы мәселе бойынша қарар қабылданды, аздап бұрын – 2011 жылғы 19 желтоқсанда қабылданды.

Мерекенің мақсаты

Бүгінгі әлем үшін қыздарға арналған халықаралық күн өте қажет. Бұл, мысалы, т.б. білім, құқық, денсаулық сақтау, сондай-ақ, көптеген факторларға гендерлік теңсіздік проблемаларына, оның ішінде әйелдердің болашағына тікелей байланысты қолданыстағы әлеуметтік проблемаларды, қоғамның назарын аударту үшін бағытталған Фокусты мұндай ұзақ қайтадан гендерге негізделген мәжбүрлеу, кемсітушілікке бала туу жасындағы басталғаннан бұрын неке ретінде ересек, жасаған, ең алдымен зорлық әйел балаларды қорғау бо-

лып табылады.

Мұндай проблемалар дамушы елдерде ғана емес, бірінші көзқараста көрінуі мүмкін, бірақ өте аз дамыған елдерде де кездеседі. ол, екіншіше орай, бүгін болуы мүмкін емес жойып соңына – Айтпақшы, әйелдер кемсітушілік жеткілікті шарт, тіпті прогрессивті өкілеттігін осы болып табылады көлегейленген.

Дәстүрлі дала мәдениетінде қазақ әйелдері өздерінің отбасылық қана емес, қоғам мүшесі ретіндегі әлеуетін өнер-білім саласында, сонымен қатар қоғам қайраткерлері ретінде өзін-өзі дамытып келеді. Қазақы ортада, отбасының мүддесі жоғары тұруы керек деген тәрбие алған қазақ аруларына қоғамдық-әлеуметтік ортада белсенділік танытуына кедергі емес.

Қазіргі қоғамның қай бағытын алсаңыз да барлық салада қазақтың көрсе көз тоймайтын сұлу қыздары жүр. Олар – кешегі тарихымыздағы Болған ана, Домалақ ана, Дарабоз аналарамыздың ізін жалғастырушылар.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан гендерлік саясатты жүзеге асыру жолында белгілі бір жетістіктерге жетті. Бірінші кезекте бұл әйелдердің мүмкіндіктерін дамытуда, ер азаматтар мен әйел азаматтарының еңбек жағдайларының теңдесуі.

Бағдат КАМАЛ,
4-курс студенті



ШЕТЕЛДЕН КЕЛГЕН СТУДЕНТТЕРМЕН ЖИЫН ӨТТІ

Жуырда оқу ордамызда шетелден келген студенттермен кездесу өтті. Онда Қазақстан Республикасы шекарасынан өткеннен кейінгі әрекеттер жайлы және ішкі тәртіпті сақтау ережелері түсіндірілді.

Аталған жиынға университетіміздің Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректары Асқар Тұрғанбаев, Түркістан қалалық полиция басқармасының Көші-қон қызметінің инспекторы, полиция капитаны Нұрлыбек Жұмаев, Түркістан қалалық полиция басқармасының Жергілікті полиция қызметінің аға учаскелік инспекторы, полиция майоры Нұрбол Тасыбеков қатысып, негізгі ережелер жайында кеңінен түсіндірді.

Шараға халықаралық байланыстар департаменті, Тәрбие және жастар орталығы, Халықаралық офис, Виза бөлімі, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент және Жергілікті полиция бөлімшесінің мамандары да қатысты.

Жиын барысында студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарды қойып, тиісінше мамандардан тұщымды жауаптар алды.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ İLE TÜRK HAVA YOLLARI ARASINDA EĞİTİM İŞ BİRLİĞİ ANLAŞMASI İMZALANDI

Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Türk Hava Yolları Havacılık Akademisi arasında sivil havacılık başta olmak üzere diğer havacılık hizmetleri alanında Üniversitemiz öğrencilerine staj, istihdam ve kurs olanakları sağlamak amacıyla 5 Şubat 2022 tarihinde ikili iş birliği anlaşması imzalandı. Anlaşma uyarınca Ahmet Yesevi Üniversitesi, Türk Hava Yolları Havacılık Akademisi ile YDA Türkistan Hazret Sultan Uluslararası Havalimanı iş birliğinde “Yer Hizmetleri Sertifika Programı” yaz aylarında Türkistan’da yapılacak. Öğrencilerimiz THY’de staj yapabilecek ve mezunlarımıza istihdam imkânı sağlanacak.

Düzenlenmesi planlanan eğitim programlarının teknik ve akademik detaylarını görüşmek için Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Türk Hava Yolları Havacılık Akademisi’nden Mustafa Demirak ve beraberindeki heyet bir araya geldi.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK ÜNİVERSİTEMİZ ÖĞRENCİLERİ İLE BİR ARAYA GELDİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Üniversitemiz Rektörü Dr. Janar Temirbekova ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ile birlikte 15 Şubat 2022 tarihinde Kültür Merkezi Büyük Salon’da öğrencilerimiz ile bir araya geldi.

2021 – 2022 eğitim öğretim döneminde Üniversitemiz öğrencileri için sunulan staj, burs, öğrenci değişimi ve istihdam olanakları başta olmak üzere çeşitli yeniliklerden bahsederek söze başlayan Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, “Siz öğrencilerimizin düşüncelerini ve taleplerini dikkate alarak yemek ücreti, yurt, kütüphane hizmetleri öncelikli olmak üzere eksiklerimizi gidererek çalışmaya devam ediyoruz.” dedi. Ardından Prof. Dr. Şimşek, öğrencilerden gelen soru, görüş ve önerileri değerlendirdi.

Toplantı, öğrencilerden gelen soruların yanıtlanmasının ardından hatıra fotoğrafı çekimiyle sona erdi.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ AVRASYA ARAŞTIRMA ENSTİTÜSÜ ARAŞTIRMACISI ALMAŞ JUNISBAYEV, “BİLİMİN GELİŞİMİNE KATKI MADALYASI” İLE ÖDÜLLENDİRİLDİ



Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü Uzman Araştırmacısı Almas Junisbayev, 4 Şubat 2022 tarihinde Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı tarafından “Bilimin Gelişimine Katkı Madalyası” ile ödüllendirildi.

2014 yılında M. Auezov Ödülü’ne layık görülen Almas Junisbayev’in şimdiye kadar 3 monografi (2’si ortak yazarlı), 2 ders kitabı (ortak yazarlı), 150’den fazla bilimsel makale ve raporu bulunmaktadır. Çeşitli bilimsel yayınlarda editörlük ve tarihi belgesellerde bilimsel danışman ve senarist olarak da görev alan Almas Junisbayev, Ş.Ş. Valikhanov Tarih ve Etnoloji Enstitüsü Genç Akademisyenler Konseyi Başkanlığı (2015-2018), Kazakistan Cumhurbaşkanı Arşivi Kamu Konseyi Üyeliği (2016-2018), Kazakistan Eğitim ve Bilim Bakanlığı Genç Akademisyenler Konseyi Üyeliği (2019-2020) gibi saygın görevlerde de bulunmuştur.

Kendisini yürekten tebrik ediyor, başarılarının devamını diliyoruz.

СОҢҒЫ БЕТ

STRIKEPLAGIARISM PLAGIAT.PL ЖШС ФИЛИАЛЫМЕН MEMORANDUM ЖАСАЛДЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Strikeplagiarism Plagiat.pl жауапкершілігі шектеулі серіктестігі филиалымен меморандум жасасты.

Өзара келісім жиынында оқу орда басшысы Жанар Темірбекова аталған жүйенің университет үшін маңызының зор екендігін айтты.

Сонымен қатар, Strikeplagiarism ЖШС бизнесті дамыту жөніндегі директоры Юлия Набиева алдағы уақытта серіктестік аясында көптеген дүниелерді бірге атқаратындығын жеткізді.

Айта кетейік, Strikeplagiarism және Plagiat.pl – жүктеп салынған құжатты тексеретін және ондағы Интернеттегі мәтіндермен сәйкестіктерді іздейтін онлайн қызметтер. Strikeplagiarism қызметін 2002 жылы Plagiat.pl поляк компаниясы әзірлеген.

Қазақстанда олар миллиондаған студент мәтіндерін өңдей алатын өз қызметін құруда. Стрейкеплагиат – жұмысты сараптау бойынша ең жақсы еуропалық қызметтердің бірі. Сондықтан көптеген студенттер өзгенің мәтінін көшіріп алмай өз бетінше жұмыс жазуға ұмтылуда.

Меморандум соңы оқытушылар мен студенттерге арналған арнайы семинарға жалғасты. Семинар барысында менеджерлер аталған филиалдың жұмыс жасау жүйелерін таныстырды. Онда әртүрлі дәрежелер негізінде (бакалавр, магистратура, докторантура) жүйені қолданудың, анықтап білудің ерекшеліктерін жіктеп түсіндірді. Жұмыс жасауға барынша қолайлы, күмәнді дүниелерді анықтауға тез көмектесетін жүйенің өзіндік құпияларымен бөлісті. Жиын барысында қатысушылар сұрақтарын қойып, тиісінше жауаптар алды. Алдағы уақытта Strikeplagiarism және Plagiat.pl мамандарымен бірлесе онлайн семинарлар жүзеге асатын болады.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРДЕН II ОРЫН АЛДЫ

Волейболдан университеттің ерлер командасы республикалық турнирде II орын алды.

Қызылорда қаласы Қорқыт ата университетінде 10-14 ақпан күндері волейболдан ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Н.И.Шиндинді еске алуға арналған республикалық турнир өтті. Он бірінші рет өткізілген спорттық жарысқа аталған спорт түрінен жалпы саны сегіз команда қатысып, өзара сынға түсті. Доп додадасында оқу ордамыздың намысын қорғап, жарқын ойын көрсеткен команда II орынды иеленді.

Команданың жаттықтырушысы – Спорттық сауықтыру орталығының аға бапкері, Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері Божбанбаев Марат.

14 АҚПАН - КІТАП СЫЙЛАУ КҮНІ

14 ақпан – Халықаралақ кітап сыйлау күні. Осы мерекеге орай Түркістан «Оқушылар сарайында» кітап сыйлау акциясы өтті. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті кітапханасы да осы іс-шарадан тыс қалмай, көркем, танымдық әдебиеттер мен интеллектуалды қызықты журналдар сыйға тартты.

Тасқа басқан таңбадай тарихи жәдігерлер мен қызықты әңгімелер, сырға толы дастандар мен поэмаларды өне бойына сыйдырып тұрған кітаптың қадірі қай кезде де жоғары болары анық. Газет-журнал мен кітаптың орнын интернет еш уақытта баса алмас.

Бұл мерекенің маңызы бір-бірімізге кітап қана сыйлап қоймай, онымен бірге барлық жақсы лебіз тілектеріңді білдіру.

Бұл мерекенің мақсаты - қарапайым және мейірімге толы, барлық адамзатты кітап оқуға шақыратын ерекше мейрам. Мерекенің қағидасы бойынша осы күні балаларға көбірек кітап сыйлаған абзал. Сол арқылы жас ұрпақтың кітап оқуға деген ынтасын арттыруға болады.

Мейрамның шығу тарихы да ерекше. Кітап сыйлау мерекесі 2012 жылдан бері Эмми Бродмурдың бастамасымен халықаралық деңгейде тойланып келеді. Эмми Бродмур - әлеуметтік желіні белсенді қолданушы, блогер әрі 3 баланың анасы. Бір күні ұлы анасына дәл осы күні "Неге адамдар бір біріне ешқандай себепсіз кітап сыйлайтын күн жоқ?" деген сауал қояды. Ешқандай жауап таба алмаған Эмми осы күнді кітап сыйлау күні деп белгілеп, әлеуметтік желі арқылы мерекенің танымалдылығын арттыра бастайды. Нәтижесінде әлемнің түпкір-түпкірінен бір-біріне кітап сыйлайтын жандардың қатары көбейген. Қазіргі таңда мереке халықаралық деңгейге дейін жетті.

Әлем халықтары бұл мерекені бір-біріне кітап сыйлау және кітап оқудан жарыс түрінде атап өтеді. Өйткені бұл мерекенің басқа мерекелерден ерекшелігі – кітап сыйлау және оқырманның назарын кітапқа аудару, әдеби мұраларды құрметтеу және насихаттау.

Бір-бірімізге себепсізден-себепсіз кітап сыйлап, жақындарымызды қуантқанға не жетсін?!

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа орталығы:

журналист

Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Фото маманы:
Н.Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru